

## БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР

**"Ұлы Жібек жолы" ашық сабақ**ЖАРИЯЛАНДЫ  
19.12.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/87492/>**Сабақтың тақырыбы: «Ұлы Жібек жолы»****Сабақтың мақсаты:**

**1.Білімділік:** Оқушылардың «Ұлы Жібек жолы» атауының мән-мағынасын түсініп алуларына мүмкіндіктер беру. Мұнда бұл жолдар арнайы емес, ежелгі дәуірден-ақ қазіргі Қазақстан аймағын мекендеген сақ, үйсін, қаңлы тәрізді тайпалардың өзара және басқа елдермен қарым-қатынастарында қалыптасқан байырғы соқпақтар негізінде жасалғанын, кейініректе Қытай тәрізді алып империяның алыстағы алдыңғы Азия елдерімен сауда-саттық және мәдени байланыстарының арта түсуінің осы жолды дамыта түсуге тікелей ықпал жасағанын, біртіндеп бұл жолдың көптеген елдер тағдырында шешуші рөл атқарғанын түсіндіру.

**2.Дамытушылық:** Оқушының ой-өрісін, еске сақтау қабілеттерін дамыту, пәнге қызығушылығын арттыру.

**3.Тәрбиелік:** Ұлы Жібек жолы бойындағы материалдық және рухани қазыналарымызбен таныстыру арқылы жас ұрпақты ата-бабаларымыздың еңбекқорлық дәстүр салтына тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** Жаңа сабақ

**Сабақтың әдісі:** Ой қозғау, шағын топпен жұмыс, ойталқы, оқулықпен жұмыс, тестік тапсырмалармен жұмыс, іздену, пікірталас.

**Пән аралық байланыс:** қазақ тілі мен әдебиеті, математика, әдеп.

**Сабақтың көрнекілігі:**

1.Ұлы Жібек жолы туралы диск.

2.Тест тапсырмалары.

3.Тапсырмалар жазылған қағаздар.

4.Сызба қағаздары.

5.Баға рейтингісі.

**Сабақтың барысы:**

-

**Ұйымдастыру кезеңі.**

Оқушыларды түгелдеп, олардың оқу құралдарын тексеру, сынып іші тазалығын қадағалау. Сыныпты үш топқа бөліп отырғызу. Әр топтың топ басшысы сайланады. Топ басшылары өз тобының мүшелерін бағалау парағына бағалап отырады, ал мұғалім жалпы топтарды бағалап тұрады.

1) Қыран тобы

2) Тұлпар тобы

3) Тапқырлар тобы


*Қыран құс аспанда,  
жауапсыз*

*көкте ұшады, сондықтан  
осы топ мүшелері*

*Тұлпар ат жасыл жер*

*ана үстінде жүреді, сондықтан  
осы топ мүшелері*

*Тапқырлар үшін*

*сұрақ болмайды, сондықтан  
тан топ мүшелері*

интерактивті тақтада көк инт. тақтада жасыл түспен тақтада қызыл түспен  
көк түспен жұмыс жасайды жұмыс жасайды. жұмыс жасайды.

1. **«Ой қозғау».**

**Үй тапсырмасын тексеру, өткен тақырыптарды қайталау.**

**Сұрақ - жауап** (үш топқа сұрақтар беріледі, топ мүшелері қолын көтеру арқылы жауап береді. Осындай ретпен жылдам әрі, дұрыс жауап бере отырып, өздеріне және топтарына балл жинайды).

1. Қыпшақтардың этникалық құрамына қандай тайпалар кірген?
2. Қыпшақтар қандай жерлерді өздеріне қаратты?
3. Қоғамдық құрылысы туралы не айтуға болады?
4. Қыпшақтар Орта Азияда қандай елмен саяси қатынас жасады?
5. Қыпшақтар қандай шаруашылықпен айналысқан?

**Баллдық жүйе бойынша оқушылардың білімін бағалау рейтингісі.**

**(Топ басшысы бағалайды)**

№	Оқушының аты-жөні	Ой қозғау	Миға шабуыл	Кім жылдам	Ойлан тап	Есте сақта	Жылдам тап	Қорытынды балл
1								
2								
3								
4								
5								
6								
7								
8								

**Баллдық жүйе бойынша оқушылардың білімін бағалау рейтингісі.**

**(Мұғалім бағалайды)**

Топтың аты	Ой қозғау	Миға шабуыл	Кім жылдам	Ойлан тап	Есте сақта	Жылдам тап	Қорытынды балл
Қыран тобы							
Тұлпар тобы							
Тапқырлар тобы							

**Жаңа сабақ.**

Мұғалім қысқаша түсініктеме береді және Ұлы Жібек жолы туралы диск көрсетіледі.

**2. «Миға шабуыл».**

Үш топқа түрлі тақырыпшалар дайындалуға беріледі. Ойларын ортаға салады.

1-топ. «Ұлы Жібек жолының шаруашылықтың дамуына тигізген әсері».

2-топ. «Ұлы Жібек жолының мәдениеттің өркендеуіне тигізген ықпалы».

3-топ. «Ұлы Жібек жолының халықаралық қарым-қатынасты дамытудағы тарихи маңызы».

**3. «Кім жылдам».**

Тақтада тапсырма беріледі. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қою қажет. Жауап әрі дұрыс, әрі жылдам болуы керек. Орнында отырып орындап, қол көтеру арқылы жауаптарын тақтаға жазады.

**ТАПСЫРМА:**

1. Жібек жолының басы . . . жеріндегі Хуанхэ өзенінің аңғарындағы аймақтан басталады.
2. Жібек жолының Жапонияның сілемесі – ертедегі астанасы . . . (Нарға) қаласында жібек сататын орындар болған.
3. Жібек жолындағы мәдени байланыс, әсіресе . . . (музыка) саласында ерекше байқалады.
4. Археологиялық зерттеулерге қарағанда, Ұлы Жібек жолының бойындағы кейбір қалалар . . . , . . . , Испиджаб сияқты қалалардан мешіт-медреселердің орындары табылған.



**6. Жылдам тап.**

14, 15 тақырыптар бойынша оқушыларға сұрақтар беріледі. Олар сұраққа алдарындағы А4 қағазына жауабын әрі дұрыс, әрі жылдам жазып көрсетулері қажет.

1. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін қай жылы алды?
2. Қазақстан Республикасы туының авторы?
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық валютасы теңге қай жылы айналымға енгізілді?
4. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентін сайлау қай жылы

өткізілді?

5. Қандай Отан, ел, жер, білім туралы нақыл сөздер немесе мақал-мәтелдерді білесіңдер?

**Үйге тапсырма беру.**

14, 15 тақырыптарды оқу, сұрақтарға дайындалып келу.

**Қорытындылау кезеңі.**

Төмендегі берілген сөздер бойынша әр топ мүшелері өз ойларын тақтаға жазады. Дұрыс әрі, жылдам жазған топ мүшелері өздеріне балл жинайды.

--	--


Сабаққа араласуына байланысты бағалау парағы бойынша оқушыларды бағалау және қай топтың жеңімпаз болғанын айту.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.